

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫ
АҚТАУ ЖШС АМАНГЕЛДИН
ПАРАСАТ «АЙША»
ЖЕКЕМЕНШІК БӨБЕКЖАЙ-
БАҚШАСЫ



МАНГИТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД АҚТАУ ТОО
АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ
ЧАСТНЫЙ ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД
«АЙША»

130000, Ақтау қаласы,
Толқын 1 шағын ауданы, №64/1

130000, г.Ақтау, микрорайон
Толқын 1, здание № 64/1

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№
2023 жылғы 02 қыркүйек

№3НҚ

Ақтау қаласы

город Ақтау

**ЖК «Айша»
бөбекжай-балабақшасы
жанынан қамқоршылық кеңес құру,
жұмысын ұйымдастыру және
оның құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына 1 қосымша мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 №56 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Айша» бөбекжай-балабақшасы жекеменшік мекемесі жанынан қамқоршылық кеңесі құрылсын.

1.1.«Айша» бөбекжай-балабақшасы жекеменшік мекемесі жанынан қамқоршылық кеңес құрамы сайлау тәртібі және құрамы

1.2.Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1.3.Қамқоршылық кеңес жұмысының іс-шаралар жоспары

1.4.Қамқоршылық кеңес құрамынан жазбаша келісім алу және кеңес жұмысын ұйымдастыру бөбекжай әдіскері У.Акжигитоваға жүктелсін.

2.Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөбекжай директоры:

С.Шамшадинова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 27 шілдедегі
№ 355 бұйрығына
1 қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын
ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «Айша» бөбекжай-бақшасы
қамқоршылық кеңес құрамы

№	Т.А.Ә	жұмыс орны	лауазымы	Байланыс тел
Қамқоршылық кеңестің төрағасы				
1	Амангелді Дархан	"Мониторинг және сауда" бөлімінің статисті	Маңғыстау облысы әкімдігі Кәсіпкерлік және сауда басқармасы	87082120362
Комиссия мүшелері				
2	Түменбаева Райхан	Бас маман	«Қазақ телеком»	87082120362
4	Ибрагимова Гүлназ	Жеке кәсіпкер	Ата-ана	87715259285
5	Ақболатова Қымбат	Жеке кәсіпкер	Ата-ана	8778 9005658
6	Акжигитова Толғанай	Жеке кәсіпкер	Ата-ана	87788929258
7	Тумешова Ақбөбек	Жеке кәсіпкер	Ата-ана	87002297292
хатшы				
9	Акжигитова Улмекен	«Айша» бөбекжай- бақшасы	Әдіскер	87783043103

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 27 шілдедегі
№ 355 бұйрығына
1 қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын
ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

ЖК «Айша» бөбекжайының 2023-2024 жылға арналған

ЖОСПАРЫ

«Келісілді»


Қамқоршылық кеңесі

Төрағасы: Амангелді Дархан



«Бекітілді»

ЖК «Айша» бөбекжайы

директоры  С.Шамшадинова

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орындаушы	Қаржы көзі
1	2	3	4	5	6
1	Бөбекжайда «Қамқорлық кеңесінің жоспарын талқылау.	Қыркүйек 2023-2024 жылы	Бекітілген ереже	Балабақша директоры	Қаржы қажет етілмейді
2	Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу	2023-2024 оқу жылы	Бекітілген ереже	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Қаржы қажет етілмейді
3	Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылау	2023-2024 оқу жылы	Бекітілген ереже	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Қаржы қажет етілмейді
4	Тамақтанудың табиғи нормаларын сақтау Тағам рационының құнарлылығы	2023-2024 оқу жылы	Көрсеткіштерді салыстырмалы талдау Мәзір құрастыру Мәзірді талдау, бекіту	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Қаржы қажет етілмейді
5	Педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдесу, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар	Қазан Мамыр	Ағымдағы мәселелерді шешу	Балабақша директоры ҚК төрағасы ҚК мүшелері Әдіскер	Қаржы қажет етілмейді

	жиналыстарын өткізу;				
6	Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіру.	2024 оқу жылы	Бекітілген ереже	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Демеуші
7	Білім беру ұйымын жыл сайын қаржылық жылдық қорытындысы бойынша ақпарат беру.	2024 оқу жылы	Ағымдағы мәселелерді шешу	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Қаржы қажет етілмейді
8	Қамқорлық акциясын өткізу	2024 оқу жылы	Аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету	Балабақша директоры ҚК төрағасы	Демеуші
9	Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүргізу.	2024 оқу жылы		Балабақша директоры ҚК төрағасы	Демеуші
10	«Жаңа жыл», «Наурыз», мерекелік іс-шараларын ұйымдастыруға көмектесу.	2024 оқу жылы	Мәдени, іс-шараларды өткізуге атсалысу.	ҚК мүшелері Әдіскер	Қаржы қажет етілмейді
11	Спорттық сайыстар ұйымдастыру (тәрбиеленушілер, тәрбиеші, қызметкерлер)	2024 оқу жылы	Ұйымдастырылған спорттық сайыстар	Әдіскер, Дене шынықтыру пәні нұсқаушысы, ҚК мүшелері	Демеуші

ҚК төрағасы: Амангелдин Дархан



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Маңғыстау облысының ЖК «Айша» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес жұмыс жасайды. Құрамы 7 адам

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Амангелді Дархан

2. Туменбаева Райхан,

3. Ибрагимова Гүлназ,

4. Ақболатова Қымбат,

5. Акжигитова Толғанай,

6. Тумышева Ақбөбек,

7. Искалиева Гульжамал,

Балабақша әдіскер У. Акжигитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу.
3. Қамқоршылық кеңестің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру.
4. Балабақшадағы тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру сапасы туралы.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша директоры сөз сөйлеп, 2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері, жыл бойы өткізілетін іс-шаралар көрсетілгенін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Амангелді Д сөз алып, 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының балабақша қызметін жетілдірудегі маңыздылығына тоқталды. Жоспарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, сапалы тамақтануды ұйымдастыру, ата-аналармен

ынтымақтастықты нығайту, материалдық-техникалық базаны жақсарту және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру бағыттары қамтылғанын атап өтті.

Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңестің қызметі білім беру ұйымының ашықтығын қамтамасыз етуге, ата-аналар қауымдастығы мен балабақша арасындағы өзара байланысты күшейтуге ықпал ететінін айтты. Кеңес мүшелерін жоспарланған іс-шараларға белсенді қатысуға, өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауға және балабақшаның дамуына қатысты ұсыныстар енгізіп отыруға шақырды.

Сондай-ақ тәрбиеленушілер үшін қолайлы, қауіпсіз және сапалы білім беру ортасын қалыптастыруда Қамқоршылық кеңестің рөлі ерекше екенін атап өтіп, жоспардағы барлық іс-шараларды белгіленген мерзімде және сапалы орындаудың маңыздылығына тоқталды.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы кеңес мүшелерінің атқаратын міндеттері мен жауапкершілік бағыттары туралы баяндады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Амангелі Дархан, кеңес мүшелерінің атқаратын міндеттері мен жауапкершілік бағыттарына жан-жақты тоқталды. Өз сөзінде Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық қолдау көрсету, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз етуге ықпал ету және балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту екенін атап өтті.

Сонымен қатар, әрбір кеңес мүшесінің өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауы кеңес жұмысының нәтижелілігін арттыратынын айтты. Кеңес мүшелерінің балабақшадағы оқу-тәрбие процесіне қоғамдық бақылау жүргізуге, тәрбиеленушілердің сапалы тамақтануын бақылауға, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына назар аударуға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету шараларына қатысуға міндетті екенін жеткізді.

Төраға сондай-ақ мерекелік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру барысында кеңес мүшелерінің белсенділік танытуының маңыздылығына тоқталды. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, демеушілер тартуға және ата-аналармен тиімді байланыс орнатуға байланысты жұмыстардың да кеңес мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылатынын атап өтті.

Сөз соңында кеңес мүшелерін бірлесіп жұмыс жасауға, өз ұсыныстарын уақытылы білдіруге, балабақшаның дамуына үлес қосуға және алдағы оқу жылында жоспарланған іс-шаралардың сапалы орындалуына атсалысуға шақырды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері өз ұсыныстарын білдіріп, міндеттерді тиімді бөлу жөнінде пікір алмасты.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры Қамқоршылық кеңестің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері құжаттар бойынша сұрақтар қойып, түсініктемелер алды.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша медбикесі Тілектес Мараткысы сөз алып, тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары туралы жан-жақты ақпарат берді. Өз баяндамасында балабақшада тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес төрт мезгіл тамақтануы ұйымдастырылғанын, тамақтану барысында Қазақстан Республикасының санитариялық қағидалары мен талаптарының қатаң сақталатынын атап өтті.

Сонымен қатар, ас мәзірі перспективалық мәзір негізінде жасалып, күнделікті тағамдардың құнарлылығы, дәрумендік құрамы мен калориялығы бақылауда болатынын айтты. Тәрбиеленушілердің күнделікті тағам рационына ет, балық, сүт өнімдері, көкөністер мен жеміс-жидектердің енгізілетіні және табиғи тамақтану нормаларының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізілетіні жөнінде баяндады.

Медбике азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аударылатынын, жеткізілген өнімдердің сертификаттары мен жарамдылық мерзімдері тексерілетінін жеткізді. Ас блогының санитариялық жағдайы, тағамдарды дайындау технологиясы мен сақтау талаптары күнделікті бақылауда болатынын атап өтті.

Сондай-ақ, тәрбиеленушілер арасында тағамнан улану немесе жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізіліп отырғанын, ата-аналар тарапынан тамақтану сапасына қатысты шағымдардың түспегенін хабарлады.

Баяндамасының соңында тәрбиеленушілердің дұрыс және сапалы тамақтануын қамтамасыз ету балабақша ұжымының басты міндеттерінің бірі екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңес мүшелері тамақ сапасына тұрақты бақылау жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Кеңес мүшелерінің міндеттері бекітілсін.
3. Кеңес жұмысы заң талаптарына сәйкес жүргізілсін.
4. Ас мәзірі бекітілген талаптарға сәйкес жасақталсын.

Төраға:

Хатшы:



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Маңғыстау облысының ЖК «Айша» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес жұмыс жасайды. Құрамы 7 адам

1.Қамқоршылық кеңес төрағасы:Амангелді Дархан

2.Туменбаева Райхан,

3.Ибрагимова Гүлназ,

4.Ақболатова Қымбат,

5.Акжигитова Толғанай,

6.Тумышева Ақбөбек,

7.Искалиева Гульжамал,

Балабақша әдіскер У.Акжигитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсан қорытындысы.
2. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру.
3. «Жаңа жыл» мерекесін ұйымдастыру.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша директоры I тоқсанда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Есепте балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілген іс-шаралар, білім беру және тәрбиелеу жұмыстарының нәтижелері, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытында жүргізілген жұмыстар, педагогтердің біліктілігін арттыру шаралары, ата-аналармен ынтымақтастық және мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бойынша атқарылған жұмыстар қамтылды. Сонымен қатар, тоқсан барысында қол жеткізілген жетістіктер мен алдағы кезеңге қойылған міндеттер таныстырылды.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Амангелді Дархан директордың есебін тындап, балабақша ұжымының I тоқсандағы жұмысына жоғары баға берді. Балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау, тәрбиеленушілердің шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту

бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, ата-аналармен өзара байланыс орнату және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ, балабақша ұжымының алдағы уақытта да білім беру қызметінің сапасын арттыруға, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуге, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасауға және ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелерін балабақша қызметін қолдауға және бірлескен іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша директоры материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Баяндама барысында топ бөлмелерін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, ойын және оқу құралдарын жаңарту, қауіпсіздік талаптарына сәйкес жағдай жасау, аумақты абаттандыру және заманауи білім беру құралдарымен толықтыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, мекеменің материалдық базасын одан әрі нығайту үшін қосымша қаржыландыру көздерін тарту қажеттігі атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері материалдық-техникалық базаны жақсарту балабақшаның білім беру сапасын арттыруға және тәрбиеленушілер үшін қолайлы орта қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті. Кеңес мүшелері жергілікті кәсіпкерлермен, ұйымдармен және әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату арқылы демеушілер тарту жөнінде ұсыныстар айтты. Сонымен қатар, ата-аналар қауымдастығымен бірлескен жобалар ұйымдастыру, қайырымдылық акцияларын өткізу және демеушілік көмек көрсетуге ниетті тұлғалармен жұмыс жүргізу мәселелері талқыланды.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Акжигитова У. «Жаңа жыл» мерекесіне дайындық барысы туралы баяндады. Баяндама барысында мерекелік іс-шараның сценарийі әзірленгені, топтардың мерекелік безендіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны, балалардың тақпақтар мен әндерді жаттау жұмыстары ұйымдастырылғаны туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, мерекелік костюмдер дайындау, музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету және балаларға арналған сыйлықтарды әзірлеу мәселелері қарастырылғаны айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері мерекелік шараның тәрбиелік маңызына тоқталып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында мерекені жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Олар мерекелік безендіру жұмыстарын жүргізуге, сыйлықтар дайындауға және ұйымдастыру мәселелеріне қолдау көрсетуге дайын екендерін білдірді. Сондай-ақ, ата-аналарды мерекелік іс-шараларға белсенді қатыстыру және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар айтты.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. І тоқсан бойынша есеп қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Мерекелік іс-шараны өткізу барысында балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң бақылауда ұсталсын.

Төраға:

Хатшы:



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Маңғыстау облысының ЖК «Айша» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес жұмыс жасайды. Құрамы 7 адам

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Амангелдин Дархан
 2. Туменбаева Райхан,
 3. Ибрагимова Гүлназ,
 4. Ақболатова Қымбат,
 5. Акжигитова Толғанай,
 6. Тумышева Ақбөбек,
 7. Искалиева Гульжамал,
- Балабақша әдіскер У. Акжигитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Наурыз» мерекесін ұйымдастыру.
2. «Қамқорлық» акциясын өткізу.
3. Қоғамдық бақылау нәтижелері.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Акжигитова У. «Наурыз» мерекесін өткізу жоспарын таныстырды. Баяндама барысында мерекелік іс-шараның мақсаты мен міндеттері, өткізілу барысы, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылатын шаралар туралы ақпарат берілді. «Наурыз» мерекесін ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балаларға салт-дәстүрді таныстыру, қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын насихаттау бағытында өткізу жоспарланғаны айтылды.

Мерекелік бағдарламада ұлттық ойындар ұйымдастыру, балалардың ән айтуы, би билеуі, тақпақтар айтуы, ұлттық киімдер көрсетуі, қолөнер бұйымдарының көрмесін ұйымдастыру және ата-аналардың қатысуымен түрлі шаралар өткізу қарастырылғаны баяндалды. Сонымен қатар, балабақша аумағын мерекелік безендіру, ұлттық нақыштағы көріністер дайындау және балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында жұмыстар жүргізілетіні атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мерекені ұлттық дәстүрге сай, мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізді. Олар балаларға халқымыздың салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын, ұлттық тағамдарын таныстырудың маңыздылығына тоқталды.

Кеңес мүшелері мерекелік іс-шараға ата-аналарды белсенді қатыстыру, ұлттық киімдерді насихаттау, қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдар көрмесін ұйымдастыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру жөнінде ұсыныстар айтты. Сонымен қатар, мерекені өткізу барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау, балалардың қызығушылығын арттыратын қызықты бағдарламалар әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері «Наурыз» мерекесін өткізуге ұйымдастырушылық және қолдау көрсетуге дайын екендерін білдіріп, бірлескен жұмыстардың сапалы атқарылуына ықпал ететіндерін жеткізді.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы «Қамқорлық» акциясын өткізу жөнінде ақпарат берді. Баяндама барысында акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілер мен олардың отбасыларына көмек көрсету, қайырымдылық пен адамгершілік құндылықтарын насихаттау екені айтылды.

Акция аясында көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау, қажетті қолдау түрлерін ұйымдастыру, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу және демеушілер тарту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, балабақша ұжымы мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірлескен әрекеті арқылы мұқтаж жандарға қолдау көрсету жұмыстары жүргізілетіні туралы ақпарат берілді.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жөнінде өз пікірлерін білдірді. Олар «Қамқорлық» акциясының маңыздылығын атап өтіп, мұндай шаралар балаларға мейірімділік, жанашырлық және өзара көмек көрсету құндылықтарын қалыптастыратынын айтты.

Кеңес мүшелері көмек көрсету барысында отбасылардың қажеттіліктерін ескеріп, қажетті оқу құралдары, киім-кешек, тұрмыстық заттар және басқа да қолдау түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізді. Сонымен қатар, демеушілермен байланыс орнату, ата-аналар қауымдастығын тарту және қайырымдылық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі айтылды.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры қоғамдық бақылау нәтижелері туралы баяндады. Баяндама барысында қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар тарапынан жүргізілген қоғамдық бақылау жұмыстарының қорытындылары, балабақшадағы білім беру-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы, балалардың қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, тамақтандыру сапасы және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлар туралы ақпарат берілді.

Қоғамдық бақылау барысында балабақша қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, ата-аналармен кері байланысты нығайту және анықталған ұсыныстарды ескере отырып жұмысты жетілдіру бағытында атқарылып жатқан шаралар атап өтілді. Сонымен қатар, бақылау нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ескертулер қарастырылып, оларды орындау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері қоғамдық бақылау жұмыстарын тұрақты түрде жалғастыру қажеттігін айтты. Олар қоғамдық бақылау балабақша қызметінің сапасын арттыруға, ата-аналардың сенімін нығайтуға және балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Кеңес мүшелері бақылау барысында анықталған мәселелерді уақытылы шешу, балабақша әкімшілігімен бірлесіп жұмыс жүргізу, ұсыныстар мен пікірлерді ескеру қажеттілігі жөнінде ұсыныстар білдірді. Сонымен қатар, ата-аналардың қоғамдық бақылау жұмыстарына белсенді қатысуын қамтамасыз ету және балабақшадағы жағымды ахуалды қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1.«Наурыз» мерекесі бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.
- 2.«Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып, мұқтаж отбасыларға көмек көрсетілсін.
- 3.Қоғамдық бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төраға:

Хатшы:



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ №4 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Маңғыстау облысының ЖК «Айша» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес жұмыс жасайды. Құрамы 7 адам

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Амангелдин Дархан
 2. Туменбаева Райхан,
 3. Ибрагимова Гүлназ,
 4. Ақболатова Қымбат,
 5. Акжигитова Толғанай,
 6. Тумышева Ақбөбек,
 7. Искалиева Гульжамал,
- Балабақша әдіскер У. Акжигитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі.
2. Спорттық іс-шаралардың қорытындысы.
3. 2024–2025 оқу жылына ұсыныстар.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫНДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы жыл бойы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Есеп барысында кеңес мүшелерінің балабақша жұмысын қолдау бағытында атқарған іс-шаралары, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге қосқан үлестері, ата-аналармен бірлескен жұмыстары және әлеуметтік қолдау көрсету бағытындағы жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар, жыл көлемінде өткізілген қоғамдық бақылау жұмыстары, мерекелік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға көрсетілген көмек, материалдық-техникалық базаны жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен қолдау шаралары туралы айтылды. Қамқоршылық кеңестің балабақша әкімшілігімен бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижелері талқыланды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, жыл бойы жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғанын атап өтті. Олар балабақша ұжымымен бірлескен жұмыстардың маңыздылығына тоқталып, тәрбиеленушілер үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған шараларға қолдау білдірді.

Кеңес мүшелері төрағаға және барлық қатысушыларға белсенді жұмыстары үшін алғыс білдіріп, алдағы уақытта да балабақшаның дамуына үлес қосып, бірлескен жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы өткізілген спорттық іс-шаралар жөнінде баяндады. Баяндама барысында жыл көлемінде тәрбиеленушілердің дене белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған спорттық жарыстар, эстафеталар, таңертеңгілік жаттығулар және түрлі дене шынықтыру бағытындағы шаралар туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктеріне сай қимылды ойындар ұйымдастырылғаны, спорттық мерекелер мен сайыстарға балалардың белсенді қатысқаны, денсаулықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Алдағы уақытта спорттық іс-шаралардың мазмұнын кеңейту және балалардың қызығушылығын арттыру бойынша жоспарлар таныстырылды.

СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері өткізілген спорттық іс-шаралардың маңыздылығын атап өтті. Олар дене шынықтыру жұмыстары балалардың денсаулығын нығайтуға, шапшандық, ептілік, төзімділік қасиеттерін дамытуға және ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін айтты.

Кеңес мүшелері балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ата-аналар қатысатын спорттық жарыстар, отбасылық сайыстар және түрлі денсаулық шараларын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар білдірді. Сонымен қатар, спорттық құрал-жабдықтарды толықтыру және дене шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері келесі оқу жылына арналған ұсыныстарын білдірді. Жиында балабақшаның алдағы оқу жылындағы жұмыс бағыттары, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және түрлі іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар қарастырылды.

Кеңес мүшелері балалардың жан-жақты дамуына бағытталған шығармашылық, танымдық, спорттық және тәрбиелік іс-шараларды көбейту,

СӨЙЛЕДІ:

Директор алдағы кезеңде ұсыныстарды ескере отырып, оқу-тәрбие сапасын арттыру, тәрбиеленушілер үшін қолайлы орта қалыптастыру, педагогтер мен ата-аналардың өзара байланысын нығайту бағытында жұмыстар жүргізілетінін айтты. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

ШЕШИМ ЕТТИ:

Қамқоршылық кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
Спорттық іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты ұйымдастырылсын.
Ұсыныстар 2024–2025 оқу жылына арналған жоспарға енгізілсін.

Төраға:

Хатшы:

